

Семей қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Абай облысы Семей қаласының әкімдігінің 2023 жылғы 27 қарашадағы № 965 қаулысы . Абай облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 13 желтоқсанда № 186-18 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес, Семей қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, Семей қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.
2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Семей қаласы әкімі

Н. Нурсағатов

Семей қаласы әкімдігінің
2023 жылғы 27 қарашадағы
№ 965 қаулысына
қосымша

Семей қаласы әкімдігінің күші жойылған кейбір қаулыларының тізбесі

1. "Үйде тәрбиеленетін және оқытылатын мүгедек балаларға материалдық қамсыздандыруды тағайындау мен төлеудің Нұсқаулығын бекіту туралы" Семей қаласы әкімдігінің 2006 жылғы 22 ақпандағы № 175 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5-2-30 болып тіркелген).
2. "Үйде тәрбиеленетін және оқытылатын мүгедек балаларға материалдық қамсыздандыруды тағайындау мен төлеудің Нұсқаулығын бекіту туралы" 2006 жылғы 22 ақпандағы № 175 қаулыға өзгеріс енгізу туралы" Семей қаласының әкімдігінің 2008 жылғы 19 маусымдағы № 684 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5-2-94 болып тіркелген).
3. "Әкімдіктің кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы" Семей қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 21 сәуірдегі № 478 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5-2-112 болып тіркелген).